

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «№1 көпбейінді қалалық балалар ауруханасы» ШЖҚ МКК 2019 жылғы есеп беру кезеңінде өз қызметін «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі» ҚР Кодексінде, 2016-2019 жылдарға арналған «Денсаулық» Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау жүйесін дамыту» мемлекеттік бағдаламасында, «Мемлекеттік бағдарламалар тізімін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы №957 Жарлығына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларда, ҚР әйелді босандыру және балалық қызметі жұмысының тиімділігін арттыру және кіріктірілген үлгісін енгізу бойынша 2016-2020 жылдарға арналған жол картасында анықталған мақсат-міндеттерге сәйкес жұмыс жүргізді.

2018 жылғы қыркүйекте аккредитациядан өтіп, үш жылға аккредитация туралы куәлік алды.

Аурухана соматикалық бейіндегі 250 төсекке шақталған: кардиологиялық, ревматологиялық, гастроэнтерологиялық, аллергологиялық, гематологиялық, неврологиялық, пульмонологиялық, педиатриялық және нәрестелер патологиясы және шала туғандарға және неврологиялық бейіндегі күндізгі ауруханада 10 төсек жұмыс істейді.

«DamuMed» кешенді медициналық ақпараттық жүйесі енгізілді. Аурухана ұжымы ЭРСБ, БГ, СУР, СУМТ, КМИС бағдарламалары бойынша жұмыс істейді. «Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы» ҚР Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2018 жылғы 29 желтоқсандағы №48 бұйрығына сәйкес медициналық құжаттар электронды форматқа ауыстырылуда.

Бұйрық бойынша біздің қызметті ұйымдастыруға 27 нысан жатады. Оның 26 нысаны электрондық форматқа ауыстырылды.

2019 жылы қаржыландыру көлемі 1 770 214,1 мың теңгені құрады, бұл көрсеткіш 2018 жылға қарағанда 11% артық (1 580 203,1 мың теңге).

№1 кесте. 2018 -2019жж. тамақ және медикаменттер шығыны

Нақты шығындар	2018	2019	Динамика
1 науқасты емдеу құны	110 441	120 215	+8,9%
1 науқастың тамағы	1 238	1 269	+2,5%
1 төсек күнге медикаменттер мен ММБ	3 956	3 716,1	-6,1%

Республикалық бюджеттен өтелетін емделген 1 науқастың орташа құны 2018 жылғы 110 441 теңгеден 2019 жылы 120 215 теңгеге дейін өсті.

Емдік тамақтану бойынша қызметтер шығындары 2019 жылы 123 615 мың теңгені құрады, бұл өткен жылмен салыстырғанда 1,4%-ға өсті.

Тамақтану шығындары бір науқасқа диеталық тамақтану шығынының қолданыстағы нормалары негізінде жүргізіледі, емделіп шыққан балалардың санына және олардың жасына байланысты.

Дәрі-дәрмектер мен медициналық мақсаттағы бұйымдарға арналған шығыстар 2019 жылы 13 658,7 мың теңгеге (2018 жылы – 372 417,7 мың теңге, 2019 жылы – 386 076,4 мың теңге), яғни 4% - ға өсті, емделушілердің өсуіне және қымбат тұратын дәрілік заттарды (альбумин, меропенем) тұтынудың артуына байланысты.

Жалақы мен салықтарды төлеу шығындары 2019 жылы 802 090,7 мың теңгені құрады, бұл өткен жылға қарағанда 8,7% - ға (69 822,1 мың теңге) артық.

2019 жылы орташа жалақы:

- дәрігер 271 255 теңге, бұл 2018 жылға қарағанда 22% артық (221 554 теңге);

- орта медицина қызметкері 179 800 теңге, бұл өткен жылға қарағанда 20,6% - ға артық (143 914 теңге).

Қызметкерлерге сараланған ақы төлеуге бағытталған қаражат 2019 жылы 34 897,2 мың теңгені, 2018 жылы – 18 103,2 мың теңгені құрады, 16 794,0 мың теңгеге артық. Сараланған төлемнің орташа мөлшері:

- дәрігер үшін 40 000 теңгеден бастап - 178 000 (2018 жылы – 27 280 теңге);

- орта медицина қызметкері үшін 30 000 – 110 000 теңге (2018 жылы - 9 216 теңге).

- кіші және басқа қызметкерлер үшін 20 000 теңгеден бастап - 78 000 (2018 жылы 15 607 теңге).

Материалдық-техникалық база 489 бірліктен тұрады, оның ішінде құны 10 млн.теңгеден асатын қымбат тұратын 19 медициналық құрал бар.

Аурухананың жабдықталуы 98,43%, медициналық жабдықтардың тозуы 47% - ға тең.

Есепті кезеңде жергілікті бюджет бойынша 10 800,0 мың теңге сомаға «Бүйрек терапиясына арналған аппарат» медициналық жабдығы сатып алынды, (№2 көпбейінді қалалық ауруханаға берілді) кәсіпорын қаражатынан жалпы сомасы 47 208,0 мың теңгеге 428 бірлік негізгі құралдар сатып алынды.

2019 жылы 24 655 788,00 сомасына сатып алынған құралдар: флуоресцентті Finecare FIA Meter Plus анализаторы, моделі FS-113; микропроцессорлық портативті СМП-21/01-"Р-Д" - 2 дана; рентген суреттерін көруге арналған люминесцентті лампы бар негатоскоп; электрсорғы – 10 дана; OMRON небулайзер компрессорлық C28P-CompAir – 20 дана; оттекті терапияға арналған аппаратура – 10 дана; ЭКГ аппарат портативті – 3 дана; Perfusor Compact Plus – инфузионды шприкті перфузор компакт плюс керек-жарақтарымен – 10 дана; бойы өлшеуіші бар медициналық электрондық таразылар – 2 дана; ШС-80 кептіргіш шкаф тіреуіші бар – 7 дана; Perfusor Compact Plus – инфузионды шприкті перфузор компакт плюс; Фототерапиялық сәулелендіргіш ОФТН-03-10; Дистиллятор; Негатоскоп; Плазма еріткіш;

Аурухананың жабдықталуы 98,43%, медициналық жабдықтардың тозуы 47% - ға тең. Бірыңғай дистрибуция жүйесі арқылы ТМҚКК шеңберінде дәрілік заттарды сатып алу көлемі 90% - ға дейін, өзі сатып алу бойынша-10% - ға дейін жеткізілді.

Аурухананың балансында: санитариялық автокөлік (Hyundai) және газ 2705-0244; қызметтік автокөлік (KIA); ВАЗ-2123 Нива-Шевроле бар.

Есептік кезеңде аурухананың ӘШБ келесі жұмыс көлемін орындады:

Өткізілген жұмыстар:

- жылыту жүйесі, су құбыры және кәріз жүйесіне сервистік техникалық қызмет көрсету және 2018-2019 жылғы жылу беру маусымына дайындық.
- Автономды дизель электр станциясына сервистік қызмет көрсету.
- Кондиционерлеу және желдету жүйесіне сервистік қызмет көрсету
- Су дайындау жүйесіне сервистік қызмет көрсету
- Медициналық жабдықтарға, медициналық газбен жабдықтау жүйелеріне сервистік қызмет көрсету.
- Лифтілерге сервистік қызмет көрсету
- Қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау ережелерінің сақталуына бақылау жүргізілді.
- Азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлар бойынша іс-шаралар, жаттығу сабақтары және төтенше жағдайлар туындаған кезде жеке құрамның дайындығын оқыту жүргізілді.
- Аурухана бөлімшелерінде косметикалық жөндеу жүргізілді.
- Аурухана аумағын жинау, егілген өсімдіктерді суару, аумақты қардан тазарту, қоқыс шығару жұмыстары үнемі орындалады.

Аурухана толығымен компьютерлік техникамен жабдықталған, INTERNET-ке шығу жолы бар, барлық клиникалық бөлімшелер мен қосалқы қызметтер бірыңғай желімен байланыстырылған. Spark желілік кешенді медициналық ақпараттық жүйесі қолданылады. Пациент туралы барлық деректерді және электрондық медициналық мұрағатты қамтитын пациенттің электрондық медициналық картасын енгізу жоспарлануда.

«Шоттардың тізілімін қаржыландыру» ақпараттық жүйесі мынадай міндеттерді шешу үшін қолданылады:

- стационардан кеткендердің статистикалық нысаны жүйесінде тіркеуді автоматтандыру (066/е нысандары));
- клиникалық-шығындық топтар (бұдан әрі – КШТ) бойынша емделіп шығу жағдайларын төлеу есебі.

Аурухананың веб-сайты бар:

- Аурухана туралы
- Әкімшілік
- Клиниканың құрылымдық бөлімшелері
- Медициналық қызметтер
- Жаңалықтар
- Мемлекеттік сатып алу
- Бос жұмыс орындары

- Пациенттерге арналған ақпарат
- ТМҚКК туралы ақпарат
- Ақылы қызметтер
- Пациенттердің құқықтары мен міндеттері
- Медициналық сайттар каталогы
- Сұрақ/жауап
- Байланыс
- Сайт картасы.

Веб-сайттың жұмыс істеуіне үнемі бақылау жүргізіледі, «сұрақ-жауап» айдары және т. б. қаралады.

№2 кесте. Қызметкерлердің 2018-2019жж. орташа жалақысы

Қызметкер	Орташа жалақы, теңге		Сараланған еңбекақы теңге	
	2018	2019	2018	2019
Дәрігер	221 554	271 255	27 280	40 000-178 000
Орта медициналық қызметкер	143 914	179 800	9 216	30 000-110 000
Кіші медициналық қызметкер	120 456	120 700	7 248	20 000-78 000
Басқа персонал	132 630	165 100	15 607	20 000-78 000

Жұмыс істейтін қызметкерлердің орташа саны 358 адам.

10 дәрігер (3 резидент), 57 мейірбике (22 бітіруші) жұмысқа орналасты.

2019 жылы жұмыстан шыққан дәрігерлер құрылымы: 14 (11 – басқа МҰ ауысқандар, тұрғылықты мекенжайын ауыстырғандар - 3).

Жұмыстан шыққан мейіргерлер саны: 49 (басқа МҰ ауысқандар - 29; тұрғылықты мекенжайын ауыстырғандар - 20).

№3 кесте. Медициналық қызметкерлердің 2018-2019жж. жасы бойынша бөлінуі

Жасы	Дәрігерлер				Мейіргерлер			
	2018		2019		2018		2019	
	абс	%	абс	%	абс	%	абс	%
25 жасқа дейінгі	1	1,8	0	0	88	49,4	83	44,8
26-35 жаста	32	56,1	31	58,5	29	16,3	44	23,7
36-45 жаста	13	22,8	14	26,4	26	14,6	25	13,5
46-58 жаста	8	14	5	9,4	35	19,7	31	16,7
58 жастан асқан	3	5,3	3	5,6	0	0	2	1,08

Барлығы	57	100	53	100	178	100	185	100
----------------	----	-----	----	-----	-----	-----	-----	-----

№4 кесте. Медициналық қызметкерлердің 2018-2019жж. жұмыс өтілі бойынша бөлінуі

Жұмыс өтілі (жыл)	Дәрігерлер				Мейіргерлер			
	2018		2019		2018		2019	
	абс	%	абс	%	абс	%	абс	%
3 жылға дейін	5	8,8	3	5,6	76	42,7	44	23,7
3-5 жыл	16	28,1	21	39,6	19	10,7	57	30,8
6-10 жыл	13	22,8	10	18,8	16	9	19	10,2
11-20 жыл	13	22,8	11	20,7	23	12,9	27	14,5
21-30 жыл	6	10,5	4	7,5	23	12,9	20	10,8
30 жылдан астам	4	7	4	7,5	21	11,8	18	9,7
Барлығы	57	100	53	100	178	100	185	100

№5 кесте. Медициналық қызметкерлердің 2018-2019жж. санаттылығы

	Жоғары				I санат				II санат			
	2018		2019		2018		2019		2018		2019	
	абс	%	абс	%	абс	%	абс	%	абс	%	абс	%
дәрігер	12	21,1	12	28,5	2	3,5	2	4,7	5	8,8	10	23,8
мейіргер	32	18	32	21,0	7	3,9	8	5,2	1	0,6	4	2,6

Аурухана бойынша санаттылық құрамы: дәрігерлер арасында – 24 (57,1%) (2018ж. - 19 (33,3%), мейірбикелер арасында – 44 (28,7%) (2018ж. - 40 (22,5%).

Білімін жетілдіру курсынан өткен және мақсатты оқудан өткен мамандар саны жыл сайын өсуде. 8 дәрігер оқудан өтті (8- мекеме қаражаты есебінен, (7-ПК), 1-ПП); орта медициналық қызметкерлер 27 (27- мекеме қаражаты есебінен) мақсатты оқудан өткен.

Кадр құрамының кәсіби деңгейін арттыру жөніндегі жұмыстар жалғасуда: 2020 жылы 16 дәрігер 25 мейіргер біліктілігін арттырады деп жоспарланған.

Толымдылығы:

- Аурухана бойынша дәрігерлер толымдылығы – бірлік бойынша– 55,7% (2018 жылы – 74,8%); жеке тұлға бойынша - 47,4% (2018 ж. – 52,8%);
- орта медициналық қызметкерлер толымдылығы бірлік бойынша – 72,8% (2018 жылы – 88,3%); жеке тұлға бойынша - 71% (2018 ж. – 62,8%).

Жалпы толымдылық 65,4%.

Ауруханаға кадрларды шақыру үшін «Нұр-Сұлтан қаласының медициналық университеті» АҚ 6 курс студенттеріне арналған ашық есік күні 2020 жылғы сәуір айында, медициналық колледж студенттеріне арналған 2020 жылғы мамыр айында ашық есік күнін өткізу жоспарлануда.

Біліктілік санатын иемденусіз маман сертификаты бар тұлғалар: 18 (жұмыс өтілі 3 жылға дейін -6) дәрігер және 108 орта медициналық қызметкерлер (жұмыс өтілі 3 жылға дейін – 44).

Дәрігер тапшылығы: реаниматолог – 4, гастроэнтеролог – 1, ревматолог – 1, реабилитолог – 1, педиатр дәрігер – 3.

Орта медициналық қызметкерлер тапшылығы – 8 мейірбике.

Ауруханаға жылына 10 мыңнан астам науқас қатынайды, ауруханада емделетін науқастар саны жылдан жылға өсуде. Қалада сәбилер саны өсуде және басқа қалалардан қоныс аударатындар саны да артуда.


2019 жылы №1 көпбейінді қалалық балалар ауруханасына 15149 науқас емдеуге жатқызылды (2018 жылы – 14193 бала емделген), 2018 жылға қарағанда 6,7% көп.

Төсек қорын оңтайлы пайдалану жөнінде үнемі мониторинг жүргізіледі. Аурухана қызметінің жеделдігі мен сапасының деңгейі туралы мәлімет береді. Емдеуге жатқызылатын ауруларды төмендету үшін шаралар қолдану қажет.

№6 кесте. 2018-2019жж. төсек қорын пайдалану

Бөлімше	Түсті		Шығарылды		Шетінегендер		Төсек жұмысы		Төсек айналымы		Емделудің орташа ұзақтығы	
	2018	2019	2018	2019	2018	2019	2018	2019	2018	2019	2018	2019
Барлығы	14193	15149	13923	15271	24	19	376,6	415,6	56,3	60,9	6,7	6,8
Неврологиялық патологиясы бар балаларға арналған реабилитация	695	986	664	991			359,3	451,1	38,0	48,5	9,5	9,3
№2 педиатрия	6141	6184	6150	6315			334,6	383,2	56,7	62,7	5,9	6,1
№2 педиатрия	4530	5299	4438	5258			431,5	503,6	63,2	74,7	6,8	6,7
№3 педиатрия	2162	2077	2165	2159			338,9	331,1	48,1	47,2	7,0	7,0
ҚДБ	412	416	456	509			400,5	235,2	57,1	32,6	7,0	7,2
Реанимация	253	187	50	39	24	19						

2019 жылғы төсек жұмысы 415,6 (мөлшер 340) (2018 жылы – 376,6). Төсекте жатып емделудің орташа ұзақтығы 0,1-ге азайды (2018 жылы – 6,7, 2019 жылы 6,8). Төсек айналымы – 56,3-тен 60,9-ға дейін ұлғайды. Пульмонологиялық бейіндегі тыныс алу мүшелері ауруларымен науқастанған балаларды емдеу саны ұлғайды.




№7 кесте. Ауруханадан шыққан науқастарды жолдаған мекемелер

Жолдама берген мекеме	2018ж.		2019 ж.		Салыстыру < % >
	Абс.	%	Абс.	%	
Шығарылған науқастар	13947		15290		+9,6
БМСК	4309	30,9	3892	25,5	-5,4
Басқа	460	3,3	820	5,4	+2,1
Өздері келіп қаралғандар	3861	27,7	4175	27,3	-0,4
Жедел жәрдем	5317	38,1	6403	41,9	+3,8

Емханалардың жолдамасымен түскен науқастар саны 5,4% азайды, жедел жәрдеммен келген науқастар пайызы 3,8% артты, өзі келіп қаралғандар пайызы -0,4% азайды.

Диаграмма 2018 -2019 жж. Ауруханада емделуге жолдама берген мекемелер



Есеп беру кезеңінде емдеуге жатқызудан бас тартылды: 32612 (70,0%) (2018 жылы - 22952 (61,8%) бала. Себебі: емдеуге жатқызуға көрсетілім жоқ – 30990 – 95,0 (2018 жылы – 21454 (93,4%); бейінге сәйкес емес – 473-1,5% (2018 жылы – 338 (1,5%); ауруханада жатып емделуден ата-аналардың бас тартуы – 1074 – 3,3% (2018 жылы – 1160 (5,1%).

Диаграмма. 2019 жылы шұғыл емдеуге жатқызудан бас тарту құрылымы






Диаграмма. 2019 жылы шұғыл емдеуге жатқызудан бас тарту



Өзі келіп қаралғандарды емдеуге жатқызудан бас тарту: 17396 -53,3% (2018ж. - 13074(57,0%)), ЖМЖ – 11654 – 35,7% (2018 ж. - 5922(25,8%)),


БМСК – 2629 – 8,1% (2018ж. - 3167(13,8%)), басқа 933 – 2,8% (2018ж. - 789 (3,4%)).

Диаграмма. 2018-2019 жж. БМСК бойынша шұғыл емдеуге жатқызудан бас тарту



Есеп беру кезеңіндегі емдеуге жатқызу деңгейін талдау барысында шұғыл емдеуге жатқызу 91,8% (2018 ж. – 93,4%) және жоспарлы емдеуге жатқызу - 1,6% ұлғайды (2018 жылы – 6,6% болған, 2019 жылы 9,6%).

Диаграмма. 2019ж. Жоспарлы емдеуге жатқызудан бас тарту



- шұғыл емдеуге жатқызылған
- емдеуге жатқызуға қарсы көрсетілім бар
- пациенттің келмеуі
- ауруханада емделуге көрсетілім жоқ
- мәліметтерді енгізу кезіндегі қате жазба

Жоспарлы түрде емдеуге жатқызуға 114 балаға бас тартылды, соның ішінде 47 (41,2%) науқасқа аурухана мынадай себептерге байланысты бас тартты: шұғыл түрде емдеуге жатқызылған – 17 (36,2%), емдеуге жатқызуға қарсы көрсетілім бар - 2 (4,3%), пациенттің келмеуі – 11 (23,3%), ауруханада емделуге көрсетілім жоқ – 7 (14,9%), Порталға мәліметтерді енгізу кезіндегі қате жазба – 6 (12,8%).

Жоғарыбілікті мамандандырылған неврологиялық медициналық көмек емдеуге жатқызу бюросының порталы арқылы (жоспарлы түрде емдеуге жатқызу) кезексіз жүзеге асырылады. Портал арқылы емдеуге жатқызу жөніндегі ақпарат халыққа (дауыстық хабарлама, көрнекі стендтер, әңгіме арқылы) үнемі таратылады. 2019 жылы жоспарлы түрде емдеуге 1181 бала жатқызылды; аурухананы еркін таңдау құқығымен 100% адам пайдаланды, соның ішінде 6,5% (82 бала) ауыл тұрғындары. Емдеуге жатқызылғандардың ішінде 748 (63,3%) бала 3 күн ішінде емдеуге жатқызылды, 420 (35,6%) бала 4-10 күн ішінде емдеуге жатқызылды, тек 7,9% (93) бала емдеуге жату үшін 10 күннен артық уақыт күтті (бұл уақыт төсектерді қайта бейіндеу кезеңі еді).

Есеп беру кезеңінде 82 мүгедек бала емделді, соның ішінде неврологиялық патологиясы бар 12 бала қалпына келтіре емдеу және реабилитациялық емдеу курсынан өтті.

Ауруханаға шұғыл түрде 1256 басқа қаланың тұрғындары емдеуге жатқызылды. Жалпы сомасы 147.661.093 теңге (шұғыл түрде – 1141 (135.651.772 теңге), жоспарлы түрде – 115 (12.009.320 теңге): Ақмола облысы -826, Ақтөбе облысы – 7, Алматы облысы - 11, Атырау облысы - 9, БҚО-9, Жамбыл облысы - 22, Қостанай облысы -24, Қызылорда облысы -20, Маңғыстау облысы - 17, Павлодар облысы – 19, СҚО – 15, ШҚО – 18.

Диаграмма. 2018-2019жж. бекітілген аумағы бойынша емделген науқастар саны





Диаграмма. 2018 -2019 жж. емдеуге жатқызылған ауру құрылымы



2018 жылмен салыстырғанда емдеуге жатқызылған ауру құрылымы 2019 жылы өзгермеген.

14 жасқа дейінгі емделген балалардың ауруларын саралау барысында анықталғаны, бірінші орында – «тыныс алу мүшелері аурулары» – 10254 – 69,2% (2018 жылы - 9334– 66,1%); (1 жасқа дейінгі – 4795 – 46,8% (2018 жылы – 4361 – 46,7%); соның ішінде пневмония 9848 – 96,0% (2018 жылы – 8778 – 94,0%), 1 жасқа дейінгі - 4568 – 46,4% (2018 жылы – 3981 - 45,3%).


Екінші орында – «Перинаталдық кезеңде пайда болатын жеке жағдайлар» – 1357- 8,9% (2018 жылы - 1600 – 11,6%).

Үшінші орында - «Жүйке жүйесі аурулары» – 1038 – 6,8% (2018 жылы - 574 – 4,2%, оның ішінде 23,2% (241 жағдай) «Балалар церебралды сал» диагнозымен ауыратын балалар –2018 жылы 214 жағдай (37,3%).

Төртінші орында – «Тері және теріасты жасушалары аурулары» - 701 - 4,6% (2018 жылы - 713 – 5,2%)

Бесінші орында – «Қан және қан шығару мүшелері аурулары» - 533- 3,5%.

Диаграмма. 2019 жылы 15-18 жастағы жасөспірімдер арасындағы науқастану құрылымы



Барлық жағдай 475

Бірінші орында жүйке-жүйесі аурулары - 165- 34,7%.

Екінші орында тыныс алу мүшелері аурулары –124-26,1%(пневмония -115).

Үшінші орында тері және теріасты жасушалары аурулары –59-12,4%.

Кесте. 2018-2019жж. үйге шығарылған науқастарды емдеу нәтижесі

Нәтиже	2018ж.		2019ж.		Динамика %
	абс	%	абс	%	
Сауыққандар	1139	8,2	940	6,2	-2
Жақсарғандар	12752	91,4	14305	93,6	+2,2
Өзгеріссіз	29	0,2	24	0,2	0
Нашарлаған	3	0,02	2	0,01	-0,01
Шетінеген	24	0,2	19	0,1	-0,1

Есеп беру кезеңінде:

- шетінеу саны 0,2%-дан 0,1%-ға азайды; жағдайы нашарлағандар саны 0,01%-ға азайды;
- Ауруханадан жағдайы жақсарып шыққандар саны 2,2% өскені көрініп тұр (тыныс алу мүшелері аурулары, конъюнкциялық сарыауру, дерматит).

Емделгеннен кейінгі нәтиже

Ауыстырылды – 170- 0,1% (2018 жылы - 201-1,4%)

Өз еркімен кеткен– 668 – 4,4% (2018 жылы – 971 – 7,0%)

Шығарылды – 14433 – 94,4% (2018 жылы – 12369 – 91,3%)

Шетінеді - 19-0,1% (2018 жылы – 24 - 0,2%)

Басқа ауруханаға ауыстырылғандар – 170 (№2 КҚБА- 59, Ана мен бала ұлттық ғылыми орталығы -36, БКХҰҒО-8, КХО - 14, №3КҚБА -48, №1

ПО-2, ПТД -1, Наркология және психология орталығы – 1, Алматы қаласының педиатрия ҒЗИ -1) (2018 жылы – 201).

Жоспарсыз бір айда екі рет бір аурумен түсу көрсеткіші 0,03% (5) (2018 жылы – 41 -0,3%).

2018-2019жж. күндізгі аурухана жұмысы

Күндізгі ауруханада неврологиялық патологиясы бар 497 (2018 жылы – 811) бала емделді (бөлінген қаражатқа сәйкес). Жүргізілген төсек-күн 3116. Емделудің орташа ұзақтығы – 6,2.

Қалпына келтіре емдеу және медициналық оңалту бойынша неврологиялық патологиясы бар 166 пациент емделді. Емделудің орташа ұзақтығы 11,5.

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «№1 қалалық балалар ауруханасы» ШЖҚ МКК 2019ж. шетінеуді талдау

2019 жылы 19 бала шетінеді (2018ж.- 24), соның ішінде басқа қала тұрғындары – 4 – 21,0% (2018ж. - 3 – 17,6%).

Ауруханада шетінеген бір жасқа дейінгі балалар саны – 11 – 57,9% (2018ж.- 16 – 88,2%).

Шетінеудің жалпы пайызы – 0,1% (2018ж.-0,2%)

1 жасқа дейінгі шетінеу – 0,15% (2018ж.-0,23%)

Тәулікке дейінгі – 2-10,5% (1 жасқа дейін) (2018ж.-7-25,9%, соның ішінде 1 жасқа дейінгі 5 бала – 71,4%)

Аумағы бойынша:

№2 ҚЕ-3, №10 ҚЕ – 1, №11 ҚЕ-1, №6 ҚЕ-1, №4 ҚЕ – 1, №13ҚЕ – 1, Салауатты Астана – 1, Мейірім – 1, №9 ҚЕ – 1, Теміржол емханасы -1, Ниет – 1, Жанұя – 1 (2018 жылы: №4 ҚЕ -3; №5 ҚЕ -1; №13 ҚЕ – 1; Шипагер – 2; №2 ҚЕ-2; №6 ҚЕ - 3; №7 ҚЕ – 2; №9 ҚЕ - 2; Салауатты Астана – 3; №8 ҚЕ – 1).

Басқа қала тұрғындары –4- 22,2% (Шортанды ауданы – 2, Қорғалжың ауданы, Целиноград ауданы) (2018ж. – 2 – 8,3% - Өзбекстан, Арал қаласы).

Шетінеген науқастар төмендегі мекемелерден жолданды:

- ЖЖ – 2017- 7 – 36,8% (2018 ж – 16-66,7%);
- БМСК – 3-15,7 % (2018– 2 – 8,3%);
- Өздері келгендер – 2 -10,5% (2018-1- 4,2%);
- Басқа емдеу мекемелерінен – 7-36,8% (№2 ҚБА – 1, №3ҚЕ – 2, Ана мен бала Ұлттық Ғылыми орталығы – 2, №2 ПО – 1, №1 ПО – 1) (2018– 5 –23,8% (№1 ПО – 1; №2 ПО – 1, ҚБИА – 1, КХО-1)

Патологоанатомиялық тексеруге барлығы жіберілді (4 – ашылмады (21,0% - 1 жастан асқан бала ҚДСБ келісімі бойынша). Ашу пайызы - 79% (2018 жылы – 91,7%). 1 жасқа дейінгі балалар 100% ашылды.

Диагносттардың клиникалық және патологоанатомиялық айырмашылығы жоқ (2018 ж. - 0)

Шетінеу құрылымы:

1 жасқа дейінгі балалар:

1 орында – перинаталдық кезеңде пайда болатын жеке жағдайлар (**P00-P96**) – 5 жағдай – 45,5%

2 орында – Туа біткен ауытқулар –(даму ақаулары), деформация және хромосомалық бұзылулар (**Q00-Q99**) – 4 жағдай (36,4%)

3 орында – кейбір инфекциялық және паразитарлық аурулар (**A00-B99**) ҚИИ және жүрек – қантамыр аурулары бір-бір жағдайдан 1 -9,1% .

2018 жылы

1 орында – Туа біткен ауытқулар –(даму ақаулары), деформация және хромосомалық бұзылулар (**Q00-Q99**) – 7 жағдай (43,8%)

2 орында – жүйке-жүйесі аурулары (**G00-G99**) (тұқым қуалайтын аурулар – арқа бұлшықет атрофиясы – 2, іріңді пахименингоэнцефаломиелит-1) – 3-18,8%.

3 орында - перинаталдық кезеңде пайда болатын жеке жағдайлар (**P00-P96**); кейбір инфекциялық және паразитарлық аурулар (**A00-B99**) тыныс алу мүшелері аурулары екі жағдайдан (әрқайсысы – 12,5%).

2019 жылы 5 жасқа дейінгі 7 бала шетінеді

- 2 пневмония
- БЛД
- Церебралды сфинголипидоз
- МВПР -3

5 жастан асқан 1 бала шетінеді

- Мишықтағы қатерлі ісік

2018 жылы 5 жасқа дейінгі:

5 бала шетінеді:

- Тұқым қуалайтын аурулар - Элерс –Данлос синдромы (шетел азаматы, тәулікке дейін, ашылмады) -1;
- ОЖЖ зақымданған алмасу ауруы, Краббе ауруы - 1;
- ЖИИ (тәулікке дейін, ашылмады) -1;
- ЦМВИ - 1;
- Тыныс алу мүшелерінің ауруы (пневмония)-1

5 жастан асқан:

- 2 (пневмония)

Барлық жағдайлар шетінеуді зерделеу комиссиясының талдауына берілді.

ӨЖЗК шешімі бойынша барлық жағдай аурухана деңгейінде бетін қайтару мүмкін емес.

Нәрестелердің шетінеу деңгейін төмендету жолдары:

1. Реанимациялық және педиатриялық қызмет кадрларын толымдандыру жөніндег шұғыл шара қолдану қажет.
2. Педиатрларды реанимациялық көмек көрсету мәселелері бойынша жұмыс орнында немесе ОКО оқыту қажет.
3. Хирургиялық және педиатриялық қызметтердің сабақтастық регламентін қатал сақтау керек.
4. «Алтын сағат» принципі бойынша уақытылы көмек көрсету үшін сатылықты сақтауды қамтамасыз ету.
5. БМСК аумағындағы 2б-3-4 тобындағы балаларды уақытылы емдеуге жатқызуды қамтамасыз ету қажет.
6. 1 жасқа дейінгі балалар арасында кеңінен тараған аурулармен науқастанған балаларды диспансерлеу және ерте реабилитация жасау, уақытылы диагностика жасап, емдеу мәселелерін шешу, осыған байланысты дәрігерлер мен қажет мамандар арасындағы сабақтастықты нығайту.
7. Ауыр сырқаттанған балаларға паллиативтік көмек көрсету үшін төсектерді қарастыру: созылмалы конюленоситорлар, Эдвард синдромы, БЦС ауыр түрлері және т. б.

**Директорың МҚСБ жөніндегі орынбасарының есебі
Ішкі сараптама және клиникалық аудит (ағымдағы және
ретроспективті талдау)**

Есеп беру кезеңінде ДЗ тиімді пайдаланылуына, жүргізу сапасына және клиникалық хаттамаларға сәйкестігіне 80 ауру тарихы тексерілді.

Бөлімшелердің медициналық көмек сапасына үнемі мониторинг жүргізіледі. Стационарлық науқастардың медициналық карталарын толтыру бойынша, МҚСБ отырыстарында ескертулер шығара отырып, ішкі аудит ай сайын жүргізіледі (МҚСБ-ның 9 отырысы өткізілді), кейіннен қателерге жол бермеу және түзету жұмыстары жүргізіледі.

Анықталған ескертулер: талдауды 3-кестеден қараңыз.

Жіберілген дәлсіздіктер және МК бойынша кемшіліктер жалпы аурудың нәтижесіне әсер еткен жоқ.

Есеп беру кезеңінде түскен өтініштер мен шағымдар:

Барлығы – 99 (ауызша түрде 2-3 шағым түседі, олар бірден және 12 ай ішінде 120 ауызша шағым шешілді).


Шағымның сандық құрылымы бойынша:

Стационар сайттарына-11.

Инстаграмм -7,

фейсбук -8.

Колл орталығы (iKomek) - 71
Бас дәрігердің блогына жазбаша-2
Барлық өтініштер; негізді - 5, негізсіз – 94.



Ауруханаішілік инфекцияның алдын алу

Құрылымы бойынша:

- сапасыз медициналық көмек көрсетілді және санитариялық - эпидемиологиялық режим бұзылды деген шағымдар -10
- емдеуге жатқызу бойынша - 30 (қабылдау орнында күту, қабылдау орнында тексеру, 3Н жүйені сақтау).
- Бөлімшенің санитариялық жағдайына-10
- Тамақтану сапасына-12
- Жүргізілген процедураларды түсіндіру, диагностика, емдеу талдау интерпретациясы - 9
- этика мен деонтологияның бұзылуы - 26

Азаматтардың өтініштерін этикалық нормалар жөніндегі комиссия және ЛКК комиссиясы шешті:

- 7 тәртіптік жаза шығарылды және Тәртіптік комиссия отырысында талдау өткізілді.

Бөлімдерде этика және деонтология бойынша семинар сабақтары өткізілді.

Пациенттердің медициналық көмек сапасына қанағаттану көрсеткіші (89%) – бала күтіміне байланысты ауруханада жатқан аналарға (90) сауалнама жүргізілді: көрсетілетін қызметтердің сапасына қанағаттанған 89%, толық көлемде емес – 10% (2019 жылдың 12 айы).

Тұрғындар тарапынан шағым болдырмау жөніндегі іс-шаралар:

1. «Медицина қызметкерлерінің Этикалық кодексі: пациент – медицина қызметкері» тақырыбында әріптестер ішінде әңгіме жүргізіп тұру.


2. Этиканы және деонтологияны сақтау. Бөлімше ішінде меңгеруші және аға медбике ретінде этикалық қағидаттар бойынша дәрістер мен әңгімелесулерді жүйелі түрде жүргізу.

3. Стационар сайтында тұрғындар мен ата-аналарға арналған түсіндіру бейнероликтерін өткізу.

4. Пациенттерді қолдау қызметі әрбір бөлімшеде «Smile boxes» (медициналық көмектің сапасын бағалауға арналған жәшіктер, пікірлер/шағымдар) орнатылды.

Себептер бойынша азаматтардың өтініштерін талдау:

- сапасыз медициналық көмек көрсетілді және санитариялық - эпидемиологиялық режим бұзылды деген шағымдар -10
- емдеуге жатқызу бойынша - 30 (қабылдау орнында күту, қабылдау орнында тексеру, 3Н жүйені сақтау).
- Бөлімшенің санитарлық жағдайына - 10
- Тамақтану сапасына - 12
- Жүргізілген процедураларды түсіндіру, диагностика, емдеу талдау интерпретациясы - 9
- этика мен деонтологияның бұзылуы - 26



Пациенттердің проблемаларын/шағымдарын талдау келесі тәртіпте қарастырылады:

Жазбаша шағым:

- ұйымның кеңсесінде тіркелген (Бас дәрігердің, департамент директорының, Денсаулық сақтау министрінің және т. б. атына)
- ұйым сайтында немесе ұйым басшылығының блогында
- «шағымдар мен ұсыныстар кітабында»
- «ұсыныстар жәшігінде», «Smile boxes»

Ауызша шағым:

- «дәл қазір» қарауға жататын
- сенім телефоны немесе тәулік бойы (І көмек 24) қызмет телефоны бойынша

2019 жылдың 12 айындағы тексеру актілері.

1. Баланың қайтыс болу фактісі бойынша Астана қаласының ҚДСД органына 2018 жылғы 04 ақпанда туған бала Анвардың анасының жазбаша түрде жүгіну фактісі болды. 04.02.2018 ж. т. Анвар А. 18.12.2018 ж. ННКЦХ жолдамасы бойынша №1 ҚБА қабылдау бөліміне жүтінген. Диагнозы: пневмония. ДН. Шағымда көрсетілген медициналық қызмет сапасы жөнінде жазылған ақаулар фактісі бойынша 2019 жылғы 8 қаңтарда жоспардан тыс

тексеру және қызметтік тексеру жүргізілді. Комиссия азаматшаның шағымын негізсіз деп таныды.

2. Астана қаласының ҚДСД органына 2018 жылғы 14 маусымда туған бала Ж.Н. Шагиrowтың анасы шағым түсірген. 2018 жылғы 21 қарашада – «№2 қалалық емхана» жолдамасымен «ОЖЖ басқа да нақтыланған зақымданулары. ППЦНС» диагнозымен ауруханаға жатқызылған. Шағымда көрсетілген медициналық қызмет сапасы жөнінде жазылған ақаулар фактісі бойынша 2019 жылғы 15 қаңтарда стационардың ішкі аудит комиссиясы жоспардан тыс тексеру және қызметтік тексеру жүргізілді. Комиссия азаматша Н.М.Шагиrowаның шағымын негізсіз деп таныды.

3. 2019 жылғы 19 ақпанда туған бала И.Е.Назарбаевтың анасы баланың қайтыс болуына байланысты Астана қаласының ҚДСД органына шағым түсірген. 2019 жылғы 11 наурызда №4 қалалық емхананың учаскелік дәрігері шұғыл жолдама берген. Диагнозы: пневмония. Жаңа туған нәресте 2019 жылғы 11 наурызда №1 педиатрия (нәрестелер патологиясы бөлімшесі) емдеуге жатқызылған. Шағымда көрсетілген медициналық қызмет сапасы жөнінде жазылған ақаулар фактісі бойынша 2019 жылғы 5 маусымда стационардың ішкі аудит комиссиясы жоспардан тыс тексеру және қызметтік тексеру жүргізілді. Комиссия азаматша А.Д.Байшинаның шағымын негізсіз деп таныды.

4. Байланыс орталығы арқылы (1406) «Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Нұр-Сұлтан қаласындағы филиалына келіп түскен азаматша Г. Н. Искакованың Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «№1 көпбейінді қалалық балалар ауруханасы» ШЖҚ МКК қатысты 2019 жылғы 26 желтоқсанда №3905 хатына байланысты жоспардан тыс аудит жүргізілді.


2017 жылғы 29 маусымда туған бала Бауыржанқызы Аминаның №14741 ауру тарихы (қағаз және электронды нұсқасы) талданды, сондай-ақ дәрігер педиатрдың И. А. Калакпасова және №2 педиатрия бөлімшесінің меңгерушісі В. Г. Новикова түсінікте жазды. «Балаларда пневмония» 2017 жылғы 05 қазандағы №29 клиникалық хаттамаға сәйкес – емдеу және диагностика тактикасында қандай да бір бұзушылықтар анықталған жоқ. 2017 жылғы 29 маусымда туған бала Бауыржанқызы Амина ауруханадан үйге шығарылған күні (2019 жылғы 25 желтоқсанда) қайтадан №2 педиатрия бөлімшесіне емдеуге жатқызылған кезде емдеуші И.А.Калакпасова сол №14741 ауру тарихын жалғастыру туралы шешім қабылдайды, бұл СОП – СМК ПД 30 (стационарлық науқастарды шығару) бұзылуы болып табылады. Ведомствоішілік аудит нәтижесінде дәрігер - №2 педиатрия бөлімшесінің педиатры И. А. Калакпасоваға ауызша ескерту шығарады. №2 педиатрия бөлімшесінің меңгерушісі В. Г. Новиковаға науқастарды үйге шығару, сондай-ақ СОП – СМК ПД 30 сәйкес науқас тарихын жүргізу жұмысына бақылауды күшейту ұсынылды.

Пациенттердің медициналық көмектің сапасына қанағаттану көрсеткіші

«Көрсетілетін медициналық көмек сапасы мен деңгейіне азаматтардың қанағаттану дәрежесін анықтау мақсатында сауалнама жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» ҚР Денсаулық

сақтау министрінің 2011 жылғы 22 шілдедегі №468 бұйрығына сәйкес пациенттерге және (немесе) олардың туыстарына сауалнама жүргізіледі.

Есеп беру кезеңінде жүргізілген сауалнама нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметтердің сапасына – 89% толық, 10% толық емес көлемде қанағаттанатыны анықталды.



Жұмыста ақаулардың алдын алуға және жоюға бағытталған және медициналық көмектің сапасы мен тиімділігін арттыруға ықпал ететін бағдарламалық іс-шаралар әзірленді.

Инфекциялық бақылау

Ауруханадағы инфекциялық бақылау шеңберінде төмендегідей іс шаралар жүргізілді: семинарлар, дәрістер мен әңгімелер. Сондай-ақ ИБК 14 отырысы өткізілді. 2019 жылғы 12 айда 25 семинар сабақ өткізілді.

Кесте. Тіркелген инфекциялық аурулар:

№	Атауы	2018 жылғы 12 ай	2019 жылғы 12 ай
1	Сепсис	10- 3%	9-2%
2	Күлдіреуік	65-22%	41-9%
3	ЖИИ	14-4%	30-7%
4	ТБС	2-0%	1-0%
5	Скарлатина	18-6%	15-3%
6	Энтеробиоз	9-3%	3-0%
7	Сыздауық	2-0%	0-0%
8	Көкжөтел	6-2%	18-4%
9	Желшешек	33-11%	15-3%
10	ОВП	5-1%	3-0%
11	Педикулез	27-9%	56-13%
12	Остеомиелит	5-1%	2-0%

13	Менингит	14-4%	18-4%
14	Эхинококкоз	0-0%	1-0%
15	Гепатит С	3-1%	11-2%
16	Гепатит В	0-0%	1-0%
17	Гепатит А	0-0%	2-0%
18	Қызылша	71-25%	188-45%
Барлығы		284	414

Анықталған жұқпалы аурулар бойынша қабылданған шаралар:

- жедел хабарлама берілді;
- байланыс тұлғалар бойынша ақпарат жіберілді;
- ҚИК-мен бірге эпидемиологиялық тексеру жүргізілді;
- талдау хаттамасы жасалды;
- эпидемияға қарсы іс-шаралар жүргізілді.

12 ай ішінде «Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Тауарлар мен қызметтердің қауіпсіздігін бақылау департаментінің Нұр – Сұлтан қаласы Алматы ауданының тауарлар мен қызметтердің қауіпсіздігін бақылау басқармасы» РММ санитариялық-эпидемияға қарсы (профилактикалық) іс-шараларды жүргізу туралы 20 қаулы шығарды. 19-қызылша ауруына, 1- көкжөтел ауруына №1 педиатрия бөлімінде, 1- "А" гепатиті ауруына №3 педиатрия бөлімінде. Барлық қаулылар орындалды, байланыста болған адамдардың ауыруы тіркелген жоқ.

2019 жылдың 12 айында ауруханаішілік инфекциялардың (АИИ) 11 жағдайы тіркелді. 2018 жылдың 12 айында 50 жағдай тіркелген. №2 педиатрия - 8 АИИ, №3 педиатрия – 1, №1 педиатрия (НПБ) – 2. 1 - №2 педиатрия.

Стерильденген медициналық құралдарды пайдалану деңгейі жоғары, стерильдеу жабдықтарын бактериологиялық бақылау тиісті деңгейде орындалады.

Іріңді-септикалық ауруларды талдау. Есепті кезеңде генерализацияланған нысандағы – бактериялық сепсистің (АИИ, ИСМП) тіркелген жағдайы (№2 кесте) әкелінген-жұқтырылған жағдайлар болып табылады. Стационарда АИИ жол бермеу бойынша эпидемияға қарсы іс-шаралар жүргізілуде. Инфекциялық бақылау жұмысы бекітілген операциялық процедуралар стандарттарына, инфекциялық бақылау бойынша сапа менеджменті стандарттарына және №1 ҚБА жұмыс жоспарына сәйкес жүргізіледі. Сонымен қатар, іріңді септикалық асқынулар келесі ұйымдар бойынша орналасқан:

Перинаталдық орталықтардан 30 күнге дейін іріңді-септикалық асқынулары бар тіркелген шұғыл хабарламалар. 2019 жылдың 12 айында

(№060/у нысан) №2 кесте.

№	Босанғаннан кейінгі іріңді-септикалық аурулар	1 ПО	2 ПО	3 ПО	Ана мен бала ұлттық ғылыми орталығы	Басқа қала
1.	Күлдіреуік	7	11	8	0	5
2	Сепсис	3	3	2	0	1

2019 жылдың бірінші жартыжылдығында бактериологиялық зерттеу кезінде жарадан бөлінетін және ауыз жұтқыншақтан ең жиі оң нәтижелер тіркелген (№3 кесте). АИИ дамуының ең жиі себебі алтын түсті стафилококк және көкіріңді таяқшасы болып табылатындығын ескере отырып (жоғарыда аталған микроорганизмдердің биоматериалдарында оң нәтижелерді тіркеу талдауы төменде келтірілген).

№3 кесте клиникалық материалдан бөлінетін микрофлораны талдау

Клиникалық материал	Оң нәтиже бар пациент саны	Патогенді флора
Қақырық, плевральды сұйықтық және жуу суы, жарадан бөлінді	543	Алтын түсті стафилококк-52 (12%) көкіріңді таяқша - 15 (0,9%)
Жұтқыншақ	298	Алтын түсті стафилококк-70 (23%) көкіріңді таяқша - 1 (0,4%)

Алтын түсті стафилококк, оның ішінде метициллинрезистентті алтын түсті стафилококк биоматериалдан жиі бөлінетіні көрініп тұр. Барлық оң нәтижелер келіп түскен кезде алғашқы тәулікте жағынды іріктеуде анықталды, ауруханада ұзақ емделіп жату, сондай-ақ басқа ұйымдарда медициналық көмекке байланысты ауруханаішілік инфекциялармен (қол, дезинфекциялық құралдардың тиімсіздігі, сыртқы ортадағы ММҚ толық өндемеу). Көкіріңді таяқша (*Ps.aeruginosa*) шартты патогенді микроағзалар болып табылады, ал эпидемиялық үдеріске қосылған кейбір берілу факторлары тек тұрақтылыққа ғана емес, сондай-ақ АИИ өршуі болып табылатын стационарларда көкіріңді таяқшаның штаммдарының кең жайылуына да ықпал етеді.

**Санитариялық шайындылар бойынша сандық – талдау.
№3 кесте (АСУ есеп).**

№	Зерттеу атауы	2018 жылғы 12 ай	Оң нәтиже	Зерттеу атауы	2019 жылғы 12 ай	Оң нәтиже
1	Емдеуге жатқызу	14789		Емдеуге жатқызу	14839	0
2	Тіркелген АИ	50	50	Тіркелген АИ	11	11
3	Тіркелген ГСИ	0	0	Тіркелген ГСИ	0	0
4	Қызметкерлерді зерттеу (қол)	224	0	Қызметкерлерді зерттеу (қол)	250	0
4.1	Алтын түсті стафилококк (қол)	224	0	Алтын түсті стафилококк (қол)	250	0
4.2	Патогенді флора (қол)	224	1	Патогенді флора (қол)	200	0
5	Ауадан алынған сынама	70	5	Ауадан алынған сынама	81	2-
6	Құралдарды зерттеу	286	4	Құралдарды зерттеу	312	0
6.1	БГКП	286	1	БГКП	312	0
6.2	С.і. на патог. микрофлора(с.і. шиг-лы сальма),	286	0	С.і. патог. микрофлора(с.і. шиг-лы, сальма)	312	0
7	Зарарсыздандыруға зерттеу	36	0	Зарарсыздандыруға зерттеу	43	0
10	С.і. медициналық құралдар	20	0	Соның ішінде медициналық құралдар	20	0
12	Дезинфекц	20	0	Дезинфекциялау	21	0

	иялау құралдары			құралдары		
.13	Бак .тест дезкамера	20	0	Бак .тест дезкамера	20	0
.14	ОЗБ бак.тесттер	20	0	ОЗБ бак.тесттер	20	0
.15	Су	2	0	Су	3	0
.16.	Микроклимат және жарықтандыру параметрлері	300	0	Микроклимат және жарықтандыру параметрлері	300	0
Барлығы			10			2

2019 жылдың 12 айында өндірістік бақылау бойынша оң нәтиже 2 жағдай тіркелді. Барлық бөлімшелер деңгейінде стационардағы ИСМП алдын алу мақсатында қол гигиенасы бойынша трейсерлер әзірленді және өңделеді. Стационарда ішкі бұйрық негізінде медицина қызметкерлеріне (дәрігерлер, медбикелер) аттестаттау жүргізілді. Аттестаттаудың әдістемелік бағдарламасы аясында «Денсаулық сақтау объектілеріне қойылатын санитариялық - эпидемиологиялық талаптар» санитариялық ережелері 31.05.17 ж. № 357 бұйрыққа сәйкес өткізілді.

Қорытынды:

1. 2018 жылмен салыстырғанда сыртқы ортаны зерттеу жиілігін арттыру, БГКП және стафилококк, су, метеорологиялық факторлар есебінен санитариялық-бактериологиялық зерттеулер саны 2019 жылы 75,8% артты. 2018 жылмен салыстырғанда 2019 жылы оң шайындыларды тіркеудің төмендеуі байқалады, бұл эпидемиологиялық жағдайдың жақсарғанын көрсетеді.

2. 2019 жылы шұғыл хабарлама - 414 жағдай. Оның 11-і ауа тамшылы жұқпалар қолайсыз жағдайда өтеді.

3. Көбінесе микробиологиялық зерттеулерден бірдей жиілікте жарадан бөлінетін жара таяқшасы мен алтын стафилококк кездеседі.

4. 2019 жылы инфекциялық бақылау комитеті бойынша 14 жоспарлы және 3 жоспардан тыс отырыс өткізілді.

Перспективалық жоспар.

1. Стационардағы АИИ мен ИСМП-ның өсуіне жол бермеу.
2. Инфекциялық бақылау комиссиясы мүшелерінің біліктілігін арттыру.

3. Орта және кіші қызметкерлер арасында семинарлар, мастер-кластар өткізу.

Параклиникалық қызмет жұмысы

2019 жылы ТМККК шеңберінде мынадай клиникалық-диагностикалық қызметтер көрсетілді-жалпыклиникалық зерттеулер - 86648, гематологиялық – 316672, биохимиялық зерттеулер – 65182, соның ішінде ұйыту жүйесі - 5212, цитологиялық – 437, иммунологиялық зерттеулер – 18929.

№1 көпбейінді қалалық балалар ауруханасында ТМККК шеңберінде физиоөмшаралары жүргізіледі. 2019 жылы - 1548 (2018 жылы - 14833) өмшаралар жүргізілген. Өмдеуді аяқтаған тұлғалар саны -1843 (2018 жылы – 1673). Массаж курсын қабылдаған науқастар саны 313 (2018 жылы 2185 болған). Өмдік денешынықтыру курсын қабылдаған балалар саны 2020 адам (2018 жылы – 1475), босатылған өмшаралар саны – 13583 (2018 жылы – 8053).

Диагностикалық зерттеу мақсатында көрсетілген қызметтер:

- рентгендиагностикалық - 13875 (2018 жылы -11166);
- ультрадыбыстық – 11638 (2018 жылы – 9076);
- эндоскопиялық – 217 (2018 жылы – 259).

Енгізілген инновациялық технологиялар: Балаларға «Синагис» вакцинасын қолдану және өкпені жасанды желдету жүргізілген шала туған және салмағы аз балалар пневмония вирусына иммундау; неонатологиядағы нейропротективтік препараттардың қазіргі заманғы тәсілдері (арнайы нейропротективтік препараттарды антенатальды да, постнатальды да пайдалану және күту технологияларын жетілдіру); ЭКГ және спирограмманың тәуліктік жазбасы бар апноэ диагностикасына арналған респираторлық холтер мониторинг; экстрокорпоральді детоксикация жүргізу техникасын игеру (гемодиализ, анемия, мультифилтрация); Терең көктамырларды катетеризациялау хаттамаларын енгізу (КВЯВ, Сан көктамырлары, бұғана асты көктамырлары); ОРИТ (НСГ, перикардит, плеврит келіп түскен пациенттерге шұғыл мақсатты УДЗ енгізу- fast-хаттама; волемиялық мәртебені бағалауды кеңейту: ЦВД ішкі яремдік көктамырлардың, төменгі қуыс көктамырлардың коллабирлеу дәрежесін анықтау мониторингі және УДЗ; БЛД бар өмделушілерде респираторлық терапияның перспективалы бағыттары, инвазивті өмес/ мәжбүрлеп желдету, жедел тыныс алу, инвазивті ӨЖЖ жиілігін төмендету; «Магофон-01» аппаратымен нерв жүйесі мен тірек-қимыл аппараты ауруларымен ауыратын балаларға магнитоакустикалық терапияны қолдану; нерв жүйесі ауруларымен ауыратын балаларды физикалық оңалту кезінде кинезиотейпирлеу әдісін енгізу; Ультрадыбыстық диагностика және перикардиттердің ауырлығын бағалау; қуыс ағзаның перфорациясына күдік болған кезде ӨЖЖ - дегі балаларға латеропозицияны қолдану әдістемесін бекіту; балалардағы тірек-қимыл аппараты ауруларының ультрадыбыстық

диагностикасы; ырғағы бұзылған балалардағы ЭКГ Холтер мониторинг; Халықаралық стандарттар бойынша жаңа туған нәрестелерде сепсисти емдеуде ұтымды АБТ терапия жүргізу.

Халық арасында ақпараттық-насихаттау жұмыстары: айлықтар - 8; онкүндік - 8; Дүниежүзілік күндер - 9 өткізілді. АТМ – 12500 (емшекпен емізу, ЖРВИ, туберкулез, онкологиялық аурулар, рационалды тамақтану, жарақаттану, темекі шегу, қант диабеті, МӘМС және т.б. бойынша) таратылды. БАҚ-та сөз сөйлеу: ТВ (Хабар, Қазақстан ТВ) -5. Аурухана сайтында және әлеуметтік желілерде (Инстаграмм, Фэйсбук) жұмыстар белсенді жүргізілуде.

Сайтта:

сайтқа кіру - 1513448;

жарияланған материал саны - 498 (2018 жылы-164);

хаттар - 65, оның ішінде: сұрақтар - 3, шағымдар-1, алғыс хаттар – 61.

Қоғаммен байланыс бойынша іс-шаралар: Инстаграммада -498, Фэйсбукте -560.

«Сөзден іске» акциясына, марафонға, флэшмобқа, спартакиадаға, Денсаулық фестиваліне, сонымен қатар қалалық акцияларға белсене қатысты.

МӘМС бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмысы:

- дәріс блогы:
 - көшпелі – 15;
 - ауруханаішілік -110;
- кеңес беру-20000;
- бейнероликтер-20;
- аудиороликтер-10;
- АТМ-10000

Жүргізілген жұмыстың нәтижесі бойынша келесі қорытындылар жасалды:

1. Стационарда «Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының» негізгі талаптарын және жұмыс тиімділігін арттыру және босандыру және бала туу қызметінің интеграцияланған моделін енгізу бойынша Жол картасының индикаторларын орындау бойынша жоспарлы жұмыс жүргізілуде.

2. Пациенттерді қолдау және ішкі аудит қызметі шағымдарға жол бермеу, айыппұл санкцияларын азайту бойынша жүйелі жұмыс жүргізеді;

3. 1-2 деңгейдегі ішкі аудитті күшейту. Пациенттерді қолдау қызметі жұмыс істейді, сенім телефоны жұмыс істейді, стендтерде көрнекі ақпарат бар. Есептік жыл ішінде емделушілерден негізделген шағымдар тіркелген жоқ;

4. Тұрақты негізде дәрігерлердің қатысуымен конференциялар мен семинарлық сабақтар өткізіледі, онда пациенттерді емдеудің жаңа принциптері түсіндіріледі және №1 қалалық балалар ауруханасы мен

БМСК, ЖМЖ және басқа да МҰ арасындағы сабақтастықты жақсарту бойынша жұмыстар жүргізіледі.

5. Жауапты қызметкерлер терроризмге қарсы қауіпсіздік бойынша жұмыс жүргізеді.

Жұмыс қорытындысы бойынша ұсыныс енгізілді:

1. Жұмыс тиімділігін арттыру және босандыру және бала босандыру қызметінің интеграцияланған моделін енгізу бойынша Жол картасын одан әрі енгізу.

2. Денсаулық сақтауда енгізуге, цифрландыруға байланысты стационарда КМАЖ бағдарламасын одан әрі енгізу және электрондық құжат айналымына көшу қажет.

3. «Қазақстан Республикасында жедел медициналық көмек көрсету ережесін бекіту туралы» ҚР ДСМ №450 бұйрығының талаптарына сәйкес жедел және кезек күттірмейтін медициналық көмекті триаж - жүйе бойынша көрсету, қабылдау бөлімшесін одан әрі қайта жаңарту қажет.

4. Қызметкерлердің біліктілік деңгейін арттыру бойынша тұрақты жұмыс жасау;

5. Мамандарды оқытуды ескере отырып, бейін бойынша емдеудің жаңа әдістерін енгізу қажет;

6. Қабылдау бөлмесіндегі пациенттерді емдеуге жатқызуды бақылауды күшейту;

7. Ақылы қызметтер санын арттыру, оның ішінде олардың тізбесін арттыру есебінен жұмыс істеу қажет.

8. Қабылдау бөлімшесіндегі ағымданудың және емдеуге жатқызудан бас тартудың артуына, қаланың БМСК қызметкерлері тарапынан бақылау болмауы байланысты бас тартудың әрбір жағдайын мұқият талдау қажет, және «ақаулы» хаттарды «Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасына» және бұзушылыққа жол берген ұйымға бағыттау қажет;

9. КМАЖ бағдарламасының енгізілуіне байланысты барлық қызметкерлерге осы бағдарламаны өз жұмысында белсенді пайдалану қажет.

1. Проблемалар

1) кадр тапшылығы (реаниматологтар, кардиолог, педиатрлар, гастроэнтеролог, пульмонолог, УДЗ дәрігері, рентгенолог дәрігер)

2) цифрландырудың ақпараттық жүйесіндегі жұмыс: КМАЖ, СНЭТ және БГ үш бағдарламасы жүргізілуде, бұл медицина қызметкерлерінде көп уақыт алады. КМАЖ бағдарламасында зертхана, УДЗ және рентген кабинеттерінің талдаушыларымен интеграциясы жоқ. Барлық есеп беру нысандары дұрыс емес қалыптасады. Проблема жөнінде үнемі қоңырау соғуға және жазуға тура келеді.

3) әлеуметтік пакет (медицина қызметкерлеріне тұрғын үй беру)

Аурухана қызметін жақсарту жөніндегі ісшаралар:

- Шетінеу көрсеткішін өсірмеу (жағдайы ауыр науқастарға күнделікті мониторинг жүргізіледі).
- Бөлімше меңгерушілері:
 - жағдайы ауыр науқас балаларды уақытылы қарап, диагностикалық шараларды уақытылы жүргізуді қамтамасыз ету жұмысын күшейтсін.
 - апта сайын талдау жасай отырып ішкі аудит жұмысын жеделдету: емделген балалар мен реанимация бөлімшесіне кеш ауыстыру жағдайларын талдасын.
- Жағдайы ауыр балаларды қабылдау бөлімшесіне кіргізбей, дереу емдеуге жатқызу үшін БМСК сабақтастық жұмысын жалғастыру.
- Денсаулық сақтау басқармасы органдарының уақытылы және сайма-сай шешім қабылдау үшін дәлме-дәл ақпараттың түсуін қамтамасыз ету мақсатында СНЭТ, КМАЗ бағдарламаларындағы жұмысты жалғастыру.
- Медициналық қызметкерлерге сараланған еңбекақы төлеуді жүзеге асыру.
- Тыныс алу мүшелері ауруларымен және жіті ішек инфекциясы ауруымен науқастанған жас балаларды біріктіре жүргізу стратегиясын іске асыруды жалғастыру.
- Белгілі индикаторлар бойынша медициналық қызмет сапасының сәйкестігіне талдау жүргізу.
- Аурухана сайтындағы жұмысты жалғастыру.
- Міндетті әлеуметтік-медициналық сақтандыру туралы халық арасында ақпараттық – насихаттау жұмысын жеделдету.

Дайындаған:

директордың медициналық бөлім жөніндегі
орынбасарының міндетін атқарушы

Д.Е.Қожекенов

«Бекітемін»

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің
«№1 көпбейінді қалалық
балалар ауруханасы» ШЖҚ
МКК бас дәрігері

Л.П. Павловец

2020 жылғы «___»_____

**Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің
«№1 көпбейінді қалалық балалар
ауруханасы» ШЖҚ МКК
2019 жылғы
конъюктуралық есеп**

**Нұр-Сұлтан қаласы
2020 жыл**

Танысу парағы.

[illegible]

Танысу парағы.

[illegible]